



«Нархоз Университеті» КЕАҚ

Басқарманың

2023 жылғы «15» 06

№ 8 хаттама шешімімен

«БЕКІТІЛГЕН»




«Нархоз Университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
білім алушыларына білім беру жеңілдіктерін беру туралы  
ЕРЕЖЕ

## Мазмұны

Келісу парағы	3
Құжат паспорты	4
1. Жалпы ережелер	5
2. Білім беру жеңілдіктерін алуға үміткерлерге қойылатын талаптар	5
3. Білім беру жеңілдіктерінің түрлері	6
4. Студенттерге материалдық қолдау көрсету комитеті	8
5. Білім беру жеңілдіктерін беру тәртібі	9
6. Жауапкершілік	9
7. Қорытынды ережелер	10
Қосымша №1	11

Келісу парағы

Қаржы директоры 

Әкімшілік  
департаментінің  
директоры

М.В. Капустянская



Л. Бисенғали

## Құжат паспорты

**Құжаттың атауы:**  
**Қысқаша сипаттама:**

Ереже  
Ереже «Нархоз Университеті»  
Коммерциялық емес акционерлік  
қоғамының білім алушыларына білім беру  
жеңілдіктерін беру шарттары мен тәртібін  
айқындайды

**Тақырыбы:**  
**Мәртебесі:**  
**Бекітілген күні:**  
**Күшінің аяқталу мерзімі:**  
**Аудитке жауапты:**

Білім беру жеңілдіктері  
Қолданыста  
« 15 » 06 2023 жыл  
Күші жойылғанға дейін  
Студенттерге материалдық қолдау көрсету  
комитеті төрағасының орынбасары

## 1. Жалпы ережелер

1.1. «Нархоз Университет» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының білім алушыларына білім беру жеңілдіктерін беру туралы осы ереже (бұдан әрі – «Ереже») шарттық негізде<sup>1</sup> «Нархоз Университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Университет») білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларына, сондай-ақ университетке оқуға түсетін адамдарға<sup>2</sup> (бұдан әрі – «білім алушы») жеңілдіктер беру тәртібін айқындайды – «Білім алушы»).

1.2. Ереже университет Басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және Бакалавриат бағдарламалары бойынша білім беру жеңілдіктерін беру туралы ережелердің, «Нархоз Университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамында білім алушы спортшыларға және жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламаларға білім беру жеңілдіктерін беру туралы ереженің барлық алдыңғы нұсқаларының күшін жояды.

### 1.3. Білім беру жеңілдіктерін беру мен пайдаланудың негізгі ережелері.

Білім беру жеңілдігі күндізгі оқу нысанына түсушілерге/білім алушыларға беріледі;

-білім беру жеңілдіктері қайта қабылданған «retake» курсы мен академиялық айырмашылық бойынша шығындарды өтемейді;

-білім беру жеңілдіктері шарт жасасу кезінде таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес білім алушыға бекітіледі. Білім беру бағдарламасы өзгерген жағдайда білім беру жеңілдіктері бастапқыда таңдалған білім беру бағдарламасының құнын ғана жабады;

-білім беру жеңілдіктерін ақшалай баламаға айырбастауға болмайды;

-білім алушылардың алған білім беру жеңілдіктері жинақталмайды. Ең үлкен білім беру жеңілдіктері барлық ең азын қамтиды;

-білім беру жеңілдіктері оқуға байланысты емес шығындарды өтемейді. Білім алушы айыппұлдарды, кітап шығындарын, тамақтануды, көлікті және т.б. өзі төлейді;

-білім алушы Ережеде белгіленген талаптарды бұзған жағдайда Университет білім беру жеңілдіктерін жоюға құқылы;

-берілген өтініштің және осы Ережеде белгіленген тізбеге сәйкес қажетті құжаттардың негізінде білім алушыға білім беру жеңілдіктері осы Ереженің 3.1.1, 3.1.2-тармақтарында көзделген әлеуметтік білім беру жеңілдіктерін қоспағанда, кейіннен ұзарту құқығымен бір оқу жылына беріледі;

- білім беру жеңілдігінің сомасын есептеу әрбір академиялық кезеңге (семестрге) жүргізіледі және екі семестрге бөлінеді – күзгі 50% және көктемгі 50% (білім беру жеңілдігінің мөлшеріне байланысты);

- өткен академиялық кезеңге білім беру жеңілдіктері берілмейді;

- білім беру жеңілдіктері қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, күндізгі оқу нысанындағы білім алушыларға берілмейді.

## 2. Білім беру жеңілдіктерін алу үшін үміткерлерге қойылатын талаптар

Ережеде білім алушылардың сақталуы/сәйкестігі үшін міндетті болып табылатын білім беру жеңілдіктерін алу және сақтау үшін талаптар көзделген.

Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда білім алушы білім беру жеңілдігінен айырылады.

*Білім беру жеңілдіктерінің барлық санаттары үшін үлгерім бойынша талаптар:*

- Академиялық қарыздың болмауы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын, университеттің ішкі құжаттарының талаптарын, оның ішінде Этикалық мінез-құлық кодексін, ішкі объектілік режим қағидалары мен өзге де құжаттарды бұзушылықтардың болмауы;
- Академиялық адалдық ережелері мен қағидаларын бұзбау;
- Университеттің мүлкіне зиян келтіру фактілерінің болмауы;
- Университеттің қоғамдық және ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді қатысу;
- Осы Ереженің 3.1.1 және 3.1.2-тармақтарында белгіленген санаттарды қоспағанда, барлық санаттар үшін үлгерім бойынша қосымша шарттар көзделген.

Критерийлерге сәйкестікті Тіркеу кеңсесі, Студенттермен жұмыс жөніндегі деканат, университеттің Ғылыми-зерттеу жұмыс бөлімі ережеде белгіленген талаптарға сәйкес әрбір санаттағы білім алушыларды жеке тексереді және растайды. Критерийлерге сәйкес келмеген жағдайда ақпарат тиісті шешім қабылдау үшін Білім беру жеңілдіктерін беру жөніндегі комитетке (бұдан әрі – «Комитет») беріледі, содан кейін Комитеттің шешімі және университет Басқармасының шешімі негізінде университет бухгалтериясы оқу ақысын қайта есептейді.

### **3. Білім беру жеңілдіктерінің түрлері**

**3.1. Білім беру жеңілдіктері келесі санаттағы адамдар үшін әлеуметтік жеңілдіктер түрінде беріледі:**

**3.1.1. Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, 23 жасқа толмаған балалар** - жылдық оқу құнының 50%-ы.

**3.1.2. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар (бірінші, екінші және үшінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер)** – жылдық оқу құнының 50%-ы.

Білім алушының орташа GPA балы – 1 оқу жылында 2,67-ден төмен болмауы керек.

**3.1.3. Бір ата-анасының мүмкіндігі шектеулі болса (бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар)** - жылдық оқу құнының 30%-ы.

Білім алушының орташа GPA балы – 1 оқу жылында 2,67 болуы керек.

### **3.2. Университет қызметкерлеріне арналған адалдық бағдарламасы**

**3.2.1.** Университет/университеттің еншілес ұйымдарының қызметкерлеріне, жақын туыстарына, жұбайларына университеттің білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлеріне білім беру жеңілдіктері беріледі:

a) егер қызметкердің кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі болса, оқу үшін жылдық құнының 20% мөлшерінде;

b) егер қызметкердің кемінде 7 (жеті) жыл жұмыс өтілі болса, оқу үшін жылдық құнының 40% мөлшерінде.

Білім алушының орташа GPA балы – 1 оқу жылында 3,33-тен төмен болмауы керек.

### **3.3. Оқу жетістіктері үшін білім беру жеңілдіктері**

**3.3.1. Колледж түлектеріне білім беру жеңілдігі** - жылдық оқу құнының 15%-ы.

GPA-дің орташа балл деңгейі – 1 оқу жылында 3,33-тен төмен болмауы керек.

**3.3.2. Студенттерге академиялық жетістіктері үшін білім беру жеңілдігі** – жылдық оқу құнының 30%-ы, GPA балының қорытындысы бойынша өткен академиялық жыл үшін 3.80-ден төмен болмауы керек.

Бөлу үшін транскрипті бар 2-4 курс студенттері қарастырылады, мұнда GPA алдыңғы академиялық жыл үшін 3.33-тен төмен емес.

**3.3.3. Нархоз Университетінде шетелдік білім алушыларына білім беру қызметтеріне арналған шарттар бойынша бакалавриат деңгейінде білім беру жеңілдігі, оқытудың жылдық құнының 15% мөлшерінде жеңілдік беріледі, GPA балының қорытындысы бойынша өткен академиялық жыл үшін 3.33-тен төмен болмауы керек.**

Бөлу үшін транскрипті бар 2-4 курс студенттері қарастырылады, мұнда GPA алдыңғы академиялық жыл үшін 3.33-тен төмен емес.

### **3.4. Университет түлектеріне арналған білім беру жеңілдіктері**

**3.4.1. Магистратураның білім беру бағдарламаларына түсетін/оқытын университет түлектеріне** - жылдық оқу құнының 20%-ы; MBA, EMBA, DBA, докторантура - жылдық оқу құнының 10%-ы.

**3.4.2. «Қолданбалы қаржы» білім беру бағдарламасы бойынша оқу үшін білім беру жеңілдігі жылдық оқу құнының 50%-ы, жеңілдік конкурс бойынша беріледі.**

**3.5. Ішкі олимпиадалардың қорытындысы бойынша білім беру жеңілдіктері.**

**3.5.1. Б.Ж. Утемурастовтың «Болашақ бизнес-көшбасшылары» конкурсына қатысушылар үшін білім беру стипендиясы**

Білім беру жеңілдігі Б.Ж. Утемурастовтың «Болашақ бизнес-көшбасшылары» ережесіне сәйкес беріледі және сақталады.

**3.5.2. «Халықаралық олимпиада» конкурсына қатысушыларға арналған білім беру стипендиясы.**

Білім беру жеңілдігі «Шетелдік талапкерлер арасында Халықаралық олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу туралы» ережесіне сәйкес беріледі және сақталады.

**3.5.3. «Verny Capital» ЖШС білім беру гранттарын беру конкурсына қатысушыларға арналған білім беру стипендиясы.**

Білім беру жеңілдігі «Verny Capital» ЖШС білім беру гранттарын беру конкурсының ережесіне сәйкес беріледі және сақталады.

**3.6. Мерзімді әскери қызметін өткерген ҚР азаматтарына білім беру жеңілдіктері.**

**3.6.1.** Мерзімді әскери қызметін өткерген ҚР азаматтарына университеттің білім беру бағдарламаларының барлық деңгейлеріне білім беру жеңілдігі беріледі.

Орташа GPA балы - 1 оқу жылында 3,0-ден төмен болмауы керек.

**3.7. 2020-2022 жылы оқуға түскен білім беру жеңілдіктерін иеленген білім алушыларға арналған білім беру жеңілдіктері**

2020-2022 жылы түскен 2-4 курс білім алушыларына жеңілдікті ұзарту (келесідей санаттарды қоспағанда: жетім балалар, 23 жасқа толмаған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар (бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер); бір ата-анасының мүмкіндігі шектеулі (бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар), GPA-дің орташа балы академиялық жыл үшін 3,5-тен төмен болмаған жағдайда жүзеге асырылады.

Келесідей санаттар үшін: жетім балалар, 23 жасқа толмаған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; мүмкіндіктері шектеулі білім алушылар (бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер); бір ата-анасының мүмкіндігі шектеулі (бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі белгіленген) 2023 жылдың күзгі семестрінің орташа GPA орташа балы 2,67-ден төмен болмаған жағдайда жүзеге асырылады, кейіннен GPA нәтижелері бойынша жеңілдіктерді қайта қарау академиялық жылы орын алады.

**3.8. MBA және DBA бағдарламаларына түсетін корпоративтік клиенттерге білім беру жеңілдіктері:**

- a) бір компаниядан 3-7 қызметкер түскен кезде оқу үшін жеңілдік жылдық оқу құнының 5%-ы мөлшерінде;
- b) бір компаниядан 7 қызметкер түскен кезде оқу үшін жеңілдік жылдық оқу құнының 10%-ы мөлшерінде.

**4. Студенттерге материалдық қолдау көрсету комитеті**

4.1. Білім беру жеңілдіктерін беру туралы шешімдерді Комитет қабылдайды, Комитет хатшысы хаттаманы, хаттамадан үзінді көшірмені рәсімдейді, оқу құны, білім беру жеңілдіктерінің мөлшері көрсетілген кестелерді қалыптастырады және берілген жеңілдіктерге арналған шығыстар бойынша жалпы жиынтық жасайды. Содан кейін деректер мен құжаттар университет Басқармасының қарауы және бекітуі үшін беріледі.

Тиісті жылдың бірінші академиялық жылына білім беру жеңілдіктерін беру үшін Комитет отырысы құжаттарды қабылдау аяқталғаннан кейін (қыркүйек) өткізіледі. Бірінші академиялық жылға білім беру жеңілдіктерін беруге құжаттарды қабылдау тиісті академиялық жылдың 01 шілдесі мен 10 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады.

4.2. Комитет құрамы университет қызметкерлері арасынан 7 адамнан аспайтын құрамда (басшы құрамы арасынан кемінде үш қызметкер) құрылады: бір төраға, бір төрағаның орынбасары, Комитет мүшелері және бір хатшы (дауыс беру құқығынсыз). Комитеттің құрамы университеттің Басқарма Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

4.3. Жеңілдіктер беру жөніндегі комитеттің қызметі үшін жауапкершілік Комитет Төрағасына жүктеледі.

4.4. Комитеттің құзыретіне мыналар кіреді:

- білім беру жеңілдіктерін/гранттарын беру туралы материалдарды қарау;
- білім беру жеңілдіктерін/гранттарын беру және/немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдау;
- білім беру жеңілдіктерін/гранттарын ұзарту және/немесе ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдау;
- білім беру жеңілдіктерінен/гранттарынан айыру туралы мәселелерді қарау.

4.5. Жеңілдіктер беру туралы шешімді қабылдау Комитет мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады. Тең дауыс санымен Комитет төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.6. Комитеттің шешімі университет Басқармасының шешімімен бекітіледі және бухгалтерияға жіберіледі, ол берілген/алып тасталған жеңілдікті ескере отырып, оқу құнын есептеуді түзетеді және оқу шартына қосымшаны қалыптастыру үшін Ақпараттық технологиялар департаментінің маманына мәліметтер жібереді.

## **5. Білім беру жеңілдіктерін беру тәртібі**

5.1. Білім беру жеңілдіктерін беру бойынша консультацияларды және қажетті құжаттарды қабылдауды тұрақты негізде қабылдау науқаны кезеңінде Бухгалтерлік және салықтық есеп бөлімінің жауапты қызметкері қабылдау комиссиясымен бірлесіп жүзеге асырады.

5.2. Білім алушыларға жеңілдіктер беру оларда өткен академиялық оқу кезеңдері үшін академиялық, қаржылық берешегі болмаған кезде, ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде ғана беріледі.

5.3. Бір адамға бір уақытта білім беру жеңілдіктерінің бірнеше түрін ұсыну мүмкін емес.

5.4. Университетте оқитын адам келесі жағдайларда білім беру жеңілдіктерінен айырылуы мүмкін:

- білім беру жәрдемақысын беру немесе ұзарту үшін қойылатын кез келген талапқа сәйкес келмеуі;
- академиялық жыл қорытындысы бойынша үлгерімнің төмендеуі (осы ережеде көрсетілген критерийлерге сәйкес);
- тиісті оқу кезеңінде академиялық берешектің болуы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын, Этикалық мінез-құлық кодексін, университеттің ішкі тәртіп қағидаларын, университеттің өзге де ішкі актілері мен құжаттарын бұзған кезде;
- білім алушының ата-анасы университеттен, еншілес ұйымдардан жұмыстан шыққан уақытта.

5.5. Жеңілдіктер келесі жағдайларда сақталады:

- университетте оқитын білім алушының Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына мерзімді қызметке шақырылуына байланысты, сырқаты, жүктілігі және босануы бойынша, академиялық ұтқырлығы бойынша академиялық демалыста болуы.

5.6. Ерекше жағдайларда Комитет оқу кезеңінде жетім қалған білім алушыларға, яғни жеңілдікке құжаттарды беру мерзімдері өткеннен кейін жеңілдіктерді қарауға және беруге құқылы. Білім беру жеңілдігі құжаттарды тапсырғаннан кейінгі келесі айдың 1-күнінен бастап беріледі.

5.7. Тиісті оқу жылы аяқталғаннан кейін білім алушының осы ережеде көрсетілген барлық талаптарды орындауы кезінде білім беру жеңілдігі ұзартылады. Егер қандай да бір талап орындалмаса, білім беру жеңілдігі ұзартылмайды.



5.8. Академиялық жыл қорытындысы бойынша академиялық қарызға жол берілмейді. ГРА санау кезінде жазғы семестрдегі деректер есепке алынбайды. Білім алушы келесідей жағдайда ғана, яғни академиялық ұтқырлық/дуальды бағдарлама/ академиялық демалыс бағдарламасы бойынша оқығаны қарастырылады.

5.9. Көрсетілген критерийлерге сәйкестікті Тіркеу кеңсесі жыл сайын тексереді және растайды, үлгерімі төмендеген жағдайда ақпарат тиісті шешім қабылдау үшін Комитетке беріледі.

## **6. Жауапкершілік**

6.1 Білім алушылардың академиялық үлгерімін бақылау және Комитет деректерін уақтылы ұсынғаны үшін жауапкершілік тікелей университеттің Тіркеу кеңсесі басшысына жүктеледі. Комитет ұсынған деректердің дұрыстығы үшін университет Тіркеу кеңсесінің басшысы толық жауапты болады.

6.2. Комитет мүшелері білім алушының білім беру жеңілдіктерін беру шарттарымен таныспағаны үшін жауап бермейді.

6.3. Білім алушылар Комитеттің қарауына берілетін құжаттардың түпнұсқалығы үшін жеке жауап береді.

6.4. Маркетинг және қабылдау департаментінің директоры талапкерлердің барлық өтініштері мен құжаттарын Комитет хатшысына уақтылы ұсынуға жауапты.

6.5. Комитет мүшелері қабылданатын шешімдердің заңдылығы, объективтілігі, ашықтығы үшін жауап береді.

6.6. Комитетке жүктелген міндеттер мен функциялардың сапасы мен уақтылы орындалуына комитет төрағасы жауапты болады.

6.7. Комитет хатшысы білім алушылардың комитет отырысының нәтижелері бойынша уақтылы хабардар болуына, Комитетке келіп түскен күннен бастап бір жыл ішінде комитет отырысының хаттамаларына қол қоюға және сақтауға, кейіннен архивке тапсыруға жауапты болады.

6.8. Білім алушылардың шарттарына қосымша келісімдерге қол қою үшін Тіркеу кеңсесінің басшысы жауапты болады.

6.9. Құқық және кадр жұмысы департаментінің директоры Комитеттің сұранысы бойынша университеттегі жұмыс өтілі туралы ақпарат беру үшін жауап береді.

6.10. Университетте білім алушылардың этикалық мінез-құлқын бақылау және жауапкершілік Студенттермен жұмыс жөніндегі деканға, Білім беру бағдарламаларының басшыларына/Мектеп директорларына тікелей жүктеледі.

6.11. Білім беру жеңілдіктерін беру немесе ұзарту үшін қарауға келіп түскен құжаттар және университет комитеті жұмысының қорытындылары Білім беру жеңілдігі берілген адамның бүкіл оқу кезеңіне, сондай-ақ оқу аяқталғаннан кейін үш жыл ішінде университет архивінде сақталуы тиіс.

## **7. Қорытынды ережелер**

7.1. Ережені университет Басқармасы бекітеді, өзгерістер мен толықтырулар Басқарманың шешіміне шығарылады.

7.2. Университет Басқармасы Осы Ережені бекіткен сәттен бастап университет Басқармасы бекіткен «Нархоз Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының білім алушыларына білім беру жеңілдіктерін беру туралы» ереже (06.05.2022 ж. №6 Хаттама) өз күшін жояды.

Өзірлеуші:

Рекрутинг және қабылдау бөлімінің басшысы

\_\_\_\_\_

Құжатты тексеру туралы белгі:

Іс жүргізу және архив бөлімінің басшысы

\_\_\_\_\_

Қосымша №1

«Нархоз Университеті» КЕАҚ-да білім алушының білім беру жеңілдігіне өтініші

«Нархоз Университеті» Коммерциялық емес  
акционерлік қоғамының Басқарма төрағасына

\_\_\_\_\_

күндізгі оқу нысанындағы білім алушыдан

\_\_\_\_\_

(Аты-жөні толығымен)

\_\_\_\_\_

(Білім беру бағдарламасы, курс)

Өтініш

Сізден «Нархоз Университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамында «Білім беру жеңілдіктерін беру туралы» ережеге сәйкес (бакалавриаттың білім беру бағдарламалары бойынша/ жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар бойынша/ білім алушы спортшыларға-қажеттісін астын сызып көрсету) 20\_\_-20\_\_ оқу жылына білім беру жеңілдігін беруіңізді сұраймын. Білім беру жеңілдіктеріне өтініш беру үшін негіздеме (міндетті түрде санатты көрсетіңіз): \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Алдыңғы академиялық оқу кезендері үшін қаржылық қарызым жоқ/бар (дұрысын сызып көрсетіңіз).

Академиялық қарызым: жоқ / бар (дұрысын сызып көрсетіңіз).

\_\_\_\_\_

Қолы

\_\_\_\_\_

Күні

Қосымшалар:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_
6. \_\_\_\_\_
7. \_\_\_\_\_